

**8D07304-Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Зулпыхаров Канат Базарбаевичтің «Жерді арақашықтықтан зерделеу мәліметтері негізінде, Түркістан облысы суармалы
жерлеріндегі деградациялық үрдістердің жағдайын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«8D07304-Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмыс 2019 жылғы мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында 2030 жылға дейін суармалы егістік жерлерінің көлемін кезең- кезеңмен 3 млн.га арттыру қажеттілігі мен «Қазақстан-2050» даму стратегиясы, Агроөнеркәсіптік кешен «Қуатты» ұлттық жобасы (2024-2028), Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы және Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 13.5, 15.3 міндеттерін қамтиды. Сонымен қатар, 2023 жылдың 28-қыркүйегінде бекітілген Қазақстандағы ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, атап айтқанда «Экология, қоршаған орта және табиғатты ұтымды пайдалану», «Озық өндіріс, цифрлық және ғарыштық технологиялар» және «Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту» басым бағыттарына сәйкес келеді.
		<u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету):</u>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2024-2026 жылдарға арналған ЖТН АР23490857 «Тұрақты жер пайдалану мақсатында Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді бағалау»

		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	тақырыбындағы ғылыми гранттық қажыландыру аясында орындалды.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы өте жоғары деңгейде ашылған. Аталған жұмыс жерге орналастыру, геоинформатика және ауыл шаруашылығы ғылым салаларында Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ), Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) және автоматтандырылған үлгілеу әдістерін пайдаланып Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді зерттеуге бағытталған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған ғылыми нәтижелер климаттың өзгеруі жағдайында кең аумақты қамтитын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің деградацияға ұшырау үрдістерін жедел мониторинг жасау және оларды кеңістіктік таралуы мен уақыттық өзгеру динамикаларын талдауға мүмкіндік береді.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Ізденуші диссертациялық зерттеу жұмысын ғылыми талаптарға сай жоғары деңгейде жүзеге асырып, академиялық әдеп пен зерттеу этикасын қатаң сақтаған.
		жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбы қазіргі кезеңде климаттық өзгерістер мен антропогендік қысым жағдайында ерекше мәнге ие. Түркістан облысының суармалы жерлері ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі тірегі, алайда соңғы
		негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	

	3) негізделмеген.	жылдары тұздану, эрозия, құнарсыздану және мелиоративтік жүйелердің тозуы сияқты деградациялық үрдістер күшейіп отыр. Бұл аймақтың экологиялық қауіпсіздігі мен аграрлық тұрақтылығына тікелей әсер ететіндіктен, диссертациялық жұмыстың өзектілігі толық негізделген деп есептеймін.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын ғылыми тұрғыда толық ашады және жұмыс үрдісі келесідей 4 бөлімге жіктелген. Бірінші бөлімде суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді бағалаудың теориялық және әдістемедік негіздерін қарастырылған. Екінші бөлімде зерттеу нысаны, яғни Түркістан облысының агроклиматтық жағдайы мен суармалы жерлерді пайдалану ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Үшінші бөлімде Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін пайдалана отырып, автоматтандырылған үлгі негізінде зерттеу аумағындағы суармалы жерлердегі деградациялық үрдістер бағаланған. Сонымен қатар, ЖҚЗ деректерін верификация жасау мақсатында зерттеу аумағында далалық зерттеу әдістері жүргізілген. Төртінші бөлімде суармалы жерлерінің деградацияға ұшырауының алдын алу және қалпына келтіру бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар ұсынылып, экономикалық шығындар есептелінген. Жалпы диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын жан-жақты ашады, әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын нақты көрсетеді.
	айқындайды;	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді және жүйелі түрде орындалған. Зерттеудің мақсаты - Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді бағалау. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер айқындалған: суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді бағалаудың
	сәйкес келеді;	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	

			теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалып, бағалау әдістеріне талдау жасалынған; - Түркістан облысындағы суармалы жерлердің қазіргі мелиоративтік жағдайын талдап, суармалы жерлердегі деградация үрдістерінің түрлері мен деградациялық үрдістерді қозғаушы негізгі факторлары анықталған; - Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректері негізінде суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді анықталып, ірі масштабтағы сериялы карталар құрастырылған; - ЖҚЗ деректері негізінде алынған нәтижелерді далалық зерттеу жұмыстары арқылы алынған деректермен верификацияланған және суармалы жерлердегі (Мырзашөл және Қызылқұм массивтері) деградациялық үрдістердің карталары құрастырылған; - зерттеу аумағындағы негізгі учаскелерде деградация салдарынан келтірілген экономикалық шығынды анықтап, суармалы жерлердегі деградациялық үрдістердің алдын алу және оларды қалпына келтіру бойынша ұсыныстар әзірленген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:		Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен тұжырымдамалары өзара логикалық байланыста құрылып, ғылыми негізделген бірізділікті сақтайды. Зерттеу нәтижелері өзара сабақтас, жүйелі түрде қойылған ғылыми міндеттердің орындалу барысын көрсетеді. Бұл міндеттердің әрқайсысы дәлелді түрде негізделіп, кешенді шешімін тапқан.
	<u>1) толық байланысқан;</u>		
	2) ішінара байланысқан;		
	3) байланыс жоқ.		
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:		Автор ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен талдау жасалып, салыстырылып бағаланған. Диссертант бір мезгілде бірнеше ондаған Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерімен жұмыс жасай алатын суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді бағалауда
	<u>сыни талдау бар;</u>		
	2) талдау ішінара жүргізілген;		

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	қолданылатын вегетациялық, тұздылық, су және топырақ индекстерін есептейтін автоматтандырылған авторлық үлгі әзірлеген.
		4) талдау жоқ.	
Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	<u>толығымен жаңа;</u>	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Диссертацияда алғаш рет суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді қозғаушы факторлар анықталып, суармалы жерлердегі тұздану үрдістерін бағалауда Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін пайдалану арқылы жұмыс жасайтын авторлық автоматтандырылған үлгі әзірлеген. Аталған үлгіні пайдалана отырып, Түркістан облысындағы Мырзашөл және Қызылқұм сияқты ірі суармалы массивтердегі тұздану үрдістерінің 1:100 000 масштабтағы карталарын әзірлеген. Сонымен қатар, алғаш рет әртүрлі дәрежеде тұзданған суармалы жерлердегі экономикалық шығындарды есептеген.
		ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	<u>толығымен жаңа;</u>	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Ізденуші шет елдік және отандық ғылыми зерттеулерді талдап және олардың әдіснамаларын негізге ала отырып, Түркістан облысындағы суармалы жерлердегі деградациялық үрдістердің кеңістіктік таралуы мен уақыттық өзгеру динамикаларын автоматты үлгі арқылы талдау тәсілдерін ұсынған.
		ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<u>толығымен жаңа;</u>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен</u> жаңа болып табылады.
		ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген /негізделмеген (qualitative research (күолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың төрт негізгі қорытындысы ғылыми тұрғыдан жеткілікті және ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Көпжылдық далалық зерттеулер, мұрағаттық және өзекті Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін верификациялау, автоматтандырылған авторлық модельдерді қолдану және кеңістіктік-уақыттық талдау әдістері нәтижелердің сенімділігін арттырған. Алғаш рет дайындалған картографиялық материалдар, индекстер бойынша алынған бағалау нәтижелері және экономикалық шығындарды есептеу зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді және ұсыныстардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.
	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған негізгі ережелер толық ғылыми талдаудан өтіп, олардың мазмұны мен маңыздылығы объективті түрде бағаланды. Барлық тұжырымдар тиісті теориялық негіздерге, көпжылдық далалық және қашықтан зондтау зерттеулеріне, верификацияланған деректерге сүйеніп, жеткілікті дәлелдемелермен қамтамасыз етілген. Ережелердің кейбірі жалпыға белгілі ғылыми қағидаттармен үйлескендіктен тривиалды элементтерге ие болса да, жұмыста жаңа ғылыми нәтижелер мен әдістемелік тәсілдер де ұсынылған. Ұсыныстар мен тұжырымдардың қолданбалық маңызы орташа деңгейде бағаланады, өйткені олар өңірлік деңгейде жер ресурстарын басқару, деградациялық үрдістерді бағалау және мелиорациялық шараларды жоспарлау ісінде тікелей пайдалануға жарамды. Негізгі ережелердің барлығы мақала түрінде ғылыми басылымдарда жарияланып, деректер мен қорытындылардың сенімділігі рецензияланған еңбектермен расталған. Зерттеу нәтижелері бойынша диссертанттың 10 ғылыми мақаласы жарияланған. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің

		7.4 Қолдану деңгейі:	Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, халықаралық жоғары рецензияланған Scopus және Web of Science базасында 3 мақала және халықаралық конференцияларда 3 мақала жарияланған. Сонымен қатар, диссертацияның нәтижелері бойынша 3 авторлық куәлік алынған (Авторлық құқық № 61184, ж.; № 61183, 04.08.2025ж.; № 61185, 04.08.2025ж.).
		1) тар;	
		<u>орташа;</u>	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		<u>ия;</u>	
		2) жоқ	
	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснаманы таңдау ғылыми тұрғыдан толық негізделген. Зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, әдістемелік тәсілдер нақты сипатталып, олардың қолдану себептері түсіндірілген. Әдістердің сипаттамасы мен оларды іске асыру қадамдары нақты жазылған, бұл алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді. Диссертациялық жұмыс нәтижелері компьютерлік технология, заманауи ГАЖ технологиялары мен Жерді қашықтықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін пайдалану арқылы автоматтандырылған үлгі арқылы алынған. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген. Дәлелдеудің негізі ретінде
		8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	
		<u>ия;</u>	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	
		<u>ия;</u>	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	

		эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	халықаралық рецензияланған Scopus және WoS базасына енген Q1-Q2 квартиліне кіретін 3 журналға мақалаларын шығарып эксперименттік зерттеулердің дәлдігін растаған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың нәтижелері 3 авторлық құқықтағы куілкпен куәландырылған.
		ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Олардың саны 173 құрайды. Әдебиеттер тізімінде суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді бағалауға және бағалау әдістеріне байланысты отандық, алыс және жақын шет елдік авторлардың еңбектеріне сілтеме жасалынған.
Практикалық құндылық қағидаты		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану саласында жаңа ғылыми білімдердің алынуымен айқындалады. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жер пайдалануы мен жерге орналастыру, жер ресурстарын ұтымды пайдалану салаларындағы ауыл шаруашылығы ғылымдарының дамуына оң әсерін тигізеді және суармалы жерлерді пайдалану үдерісінде су мен топырақты сақтау технологияларын енгізу бойынша ғылыми-тәжірибелік білімді толықтырады.
		бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы мен құндылығы суармалы жерлердің өнімділігінің төмендеуімен байланысты бірқатар мәселелерді шешу мүмкіндігімен сипатталады. Бұл, ең алдымен, басқарушы құрылымдарды және ауыл шаруашылығы субъектілерін арнайы ақпаратпен,
		ия;	

		2) жоқ.	картографиялық материалдармен, ғылыми негізделген талаптар мен ұсыныстармен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Зерттеу жұмысы Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді бағалау мен мониторингтеуде Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін қолданудың тиімді әдістерін ұсынды. Суармалы жерлердің деградациясын бағалау үшін анықталған критерийлер, алынған мониторинг деректері және авторлық деградация карталары жердің экологиялық жағдайын кеңістіктік және уақыттық тұрғыда жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жердің интегралды деградациясын бағалау нәтижелері мен деградацияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру бойынша ұсыныстар тұрақты жер пайдалану және суармалы жерлерді тиімді басқару саласында ғылыми негіз ретінде қызмет етеді. Зерттеу нәтижелері Түркістан облысының ауыл шаруашылығы мен ауылдық жерлерін дамытуға арналған бағдарламалық құжаттарды дайындауда, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізу арқылы суармалы жерлерді тиімді пайдалану және мелиорациялық шараларды жоспарлауда практикалық маңызға ие. Осылайша, жұмыс өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуде және жер ресурстарын тұрақты басқаруда маңызды ғылыми-тәжірибелік негіз бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстары ішінара жаңа сипатқа ие. Диссертациядағы практикалық ұсыныстар Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) және автоматтандырылған үлгі кең аумақтарды катитын ауыл шаруашылығы жерлеріндегі деградациялық үрдістерді жедел мониторинг жасауда және алдын алу шараларын ұйымдастыруда жаңашылдығымен ерекшеленеді.
		1) толығымен жаңа;	
		<u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u>	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, диссертация дербес аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу нақты ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған, әрі оның логикалық құрылымы жүйелі және түсінікті. Ізденуші ғылыми стильді сақтап, терминологияны орынды қолданған. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер талаптарға сай рәсімделген. Диссертацияның мазмұны мен құрылымы PhD дәрежесін алу үшін қойылған рәсімдеу қағидаларына толық сәйкес келеді.
	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын бағалай отырып, бірқатар ескертулер мен ұсыныстарды атап өткім келеді. Диссертациялық жұмыста тек Түркістан облысындағы Мырзашөл мен Қызылқұм суармалы массивтері қарастырылған. Жұмыстың ауқымын кеңейту мақсатында басқа суармалы массивтерді де талдауға енгізу орынды болар еді. Суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді бағалау барысында эрозиялық құбылыстарды да қамтып қарастыру қажет деп есептеймін. Жалпы ескертулер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығына, теориялық және практикалық құндылығына кері әсер келтірмейді.
	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша		Докторант мақалаларының ғылыми деңгейі диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Мақалалар рецензияланатын басылымдарда, соның ішінде Scopus, Web of Science базаларындағы журналдарда және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда тізбесінде жарияланған. Басылымдарда зерттеудің негізгі

әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		теориялық ережелері, әдіснамалық тәсілдері мен эмпирикалық нәтижелері көрсетілген, бұл ғылыми тәсілдің тәуелсіздігін, алынған тұжырымдардың өзектілігі мен жаңалығын көрсетеді.
Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Зулпыхаров Канат Базарбаевичке «8D07304-Жерге орналастыру» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
«Жер ресурстары және кадастр» кафедрасының
қауымдастырылған профессор м.а., PhD



Жилдикбаева Айжан Наскеновна